

# Ойыл

## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

### ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА “БЕЙБІТ ЖӨНЕ СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАҒАН НЕМЕСЕ ҚАҰПІ ТӨНГЕНДЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ, АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ІС-ӨРЕКЕТТЕРІ” ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША АУДАНЫМЫЗДА КЕШЕНДІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫ ӨТТІ. ОҚУ-ЖАТТЫҒУДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ОБЛЫСТЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ АЛДЫН АЛУҒА ҚҰРЫЛҒАН АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫМЕН, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГ ӨКІМДЕРІМЕН ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАР ӨТКІЗДІ ЖӨНЕ ҚЫЗМЕТТЕР, ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ШҰҒЫЛ ДЕН ҚОЮ ЖАСАҒЫН САПҚА ТҰРҒЫЗЫЛЫП МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Сондай-ақ аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен жиынға аудандағы азаматтық қорғау қызметі құрылған мемлекеттік мекеме басшылары мен аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысты. Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті ба-

стығының орынбасары, полковник С.Молдақараев ауданның 2024 жылдың су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша инженерлік жұмыстары жоспарымен және жүргізілген жұмыстарымен танысты. Оқу-жаттығудың екінші күні жоспарға сәйкес ауданның

Азаматтық Қорғаныс қызметтері “Жарылыс-202” сигналы бойынша көтеріліп “Ойыл ауданы аумағында күннің күрт жылынуынан су басу қаупі туындады. Алдын-ала ақпаратқа сәйкес Қойшығұлов көшесі, Көкжар қиылысы, жоғарғы көше Ма-

сатовқа дейінгі үйлер еріген қар суы астында қалды. Су басу аймағында «225 үй қалып отыр» кіріспесі бойынша топографиялық картасын қолдана отырып, АҚ бастығына ТЖ аймағында жүргізілетін жұмыстар жөнінде, қабылданатын шешімдер жөнінде теориялық сабақ өткізілді. Одан әрі жоспар бойынша практикалық іс-шаралары жүргізілді: 1) АҚ бастығының жылжымалы басқару пунктін өрістетуді; 2) АҚ бастығының қосалқы басқару пунктін өрістетуді; 3) халықты қоныстандыруды пысықтау, аудан орталығындағы 2 қабылдау эвакуациялық пунктін өрістетуді; 4) аса қауіпті инфекцияны жұқтыру анықталған кезде карантиндік іс-шараларды орындау; 5) Ойыл-Қобда тас жолында күкірт тасымалдаушы арнайы көлікпен Ақтөбе-Ойыл рейстік автобусының түйісу салдарынан орын алған ТЖ жою шаралары, зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету. Екі күн ішінде тіршілікті қамтамасыз ету нысанынан бастап жол қызметтерінің дайындығын тексеру мақсатында азаматтық қорғау қызметтерінің түрлі сипаттағы төтенше жағдайларға дайындығы мен іс жүзінде әрекет етулері пысықталды.

## ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

### «АДАСУДЫҢ» АЛДЫН АЛАДЫ

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ДӘСТҮРЛІ ЖӨНЕ ДІНИ ЖАТ АҒЫМДАРДЫҢ АРА-ЖІГІН АЖЫРАТА БІЛУДІҢ МАҢЫЗЫ АСА ЖОҒАРЫ. ДІНИ САУАТЫ БОЛМАҒАН АДАМ АДАСУЫ ӨБДЕН МҮМКІН. ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ, МӨДЕНИЕТКЕ БАУЛУ БАЛА КЕЗДЕН БАСТАЛУЫ КЕРЕК.



Осы орайда жуырда ауданға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Парасат» ақпараттық-кеңес беру және оңалту орталығының теолог маманы Мақсат Мұратұлы келді. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушыларымен, аудан орталығындағы қоғамдық көлік жүргізушілерімен, Ж.Жүсібиалиев қазақ орта мектебінің жоғарғы сынып оқушылары мен Ойыл кәсіптік колледжінің студент жастарымен кездесіп, ақпа-

раттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесулер еркін форматта өтті. Теолог «Дін мен қоғам», «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыптарында дәріс оқыды. Кездесуде тыңдармандар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берілді. Аудан орталығында орналасқан сауда үйлерін де аралап, өзін-өзі қамтушы азаматтарға түсінік жұмыстарын жүргізді және діни ақпараттандыру мақсатында жадынамалар таратылды.

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАНАТЫН КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1.Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны — 200 теңге ҚҚС қоса алғанда.  
2.Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны — 250 теңге ҚҚС қоса алғанда.  
3.Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50 %. Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы — 1409 дана. Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет: Сейсенбі күні — D2 форматта;  
4.Ойыл аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарына ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сай-

лауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.  
5.Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.  
6.Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.  
7.Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.  
8.Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналасты-

рылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.  
9.Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2024 жылғы 6 наурыздан бастап 2024 жылғы 26 наурыз күнгі жергілікті уақыт бойынша сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.  
**P.S. ОСЫ ШАРТТАРҒА ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ҚОСЫМШАЛАР, ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН. МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: ОЙЫЛ АУДАНЫ, ОЙЫЛ СЕЛОСЫ, КӨКЖАР КӨШЕСІ, 69-ҮЙ, 318-322 БӨЛМЕЛЕР.**

## БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ



Шағын бизнес өкілдері үшін тағы да жеңілдік. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бөлшек салықтың арнаулы салық режимі енгізілді. Яғни басқа арнаулы салық режимдерімен салыстырғанда бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің қолдану тәртібі бойынша Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылдың 8 ақпанындағы №114 шешімімен бөлшек салық ставкасының

мөлшерін 50%-ға, яғни 4%-дан 2%-ға дейін төмендетілді. Бұл әрине бизнес өкілдері үшін өте қолайлы. Мәселен, Ойыл ауданында 685 жеке кәсіпкер тіркелген болса, олардың ішінде бөлшек салық режиміне 151-і көшеді деп күтілуде. Аудандағы кәсіпкерлердің басым бөлігі кіші кәсіпкерлер болғандықтан жеңілдікті қолданатындардың аясы кең болады деп ойлаймыз.

Өйткені, ауданда сауда саласын негізінен кіші кәсіпкерлер құрайды. Олардың басым бөлігі алып-сатудан түсетін табысы күнделікті күнкөрістен аспайтынын айтады. «Салық ауыртпалығын төмендету туралы шешім кәсіпкерлерге жақсы қолдау деп ойлаймыз, - дейді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов.

САЙЛАУ-2024

## ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

| № | Сайлау округінің атауы    | Кездесу үшін белгіленген орындар                              |
|---|---------------------------|---------------------------------------------------------------|
| 1 | №8 сайлау округі бойынша  | Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18     |
| 2 |                           | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19  |
| 3 |                           | Коптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 |
| 4 | №11 сайлау округі бойынша | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8       |
| 5 |                           | Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6   |
| 6 |                           | Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2        |

САЙЛАУ-2024

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

| № | Елді мекеннің атауы | Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар                                                                                                                                                                                                       |
|---|---------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Сарбие ауылы        | Сарбие ауылы Жастар көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)                                                                                                               |
| 2 | Көптоғай ауылы      | Көптоғай ауылы Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құрман орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)                                                       |
| 3 | Шұбарши ауылы       | Шұбарши ауылы Ақсай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)                                                 |
| 4 | Ақжар ауылы         | Ақжар ауылы Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Саға мектеп- балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)                                                     |
| 5 | Көсембай ауылы      | Көсембай ауылы Орталық көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының фельдшерлік- акушерлік пункт ғимаратының оң жағында) |
| 6 | Құмжарған ауылы     | Құмжарған ауылы Бекет ата көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)      |

## ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

| № | Кандидаттың аты-жөні         | Кездесу өтетін орны (елді мекен, көшесі, мекеме атауы)        | Кездесу өтетін мерзімі (күні, сағаты) | Кездесу форматы |
|---|------------------------------|---------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------|
| 1 | Саматұлы Сайран              | Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18     | 06.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Коптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 | 07.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19  | 07.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
| 2 | Керей Раушан Мусабековна     | Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18     | 11.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Коптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 | 12.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19  | 12.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
| 3 | Сұлтанов Асылбай Айсаұлы     | Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18     | 13.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Коптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 | 14.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19  | 14.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
| 5 | Оралов Айболат Жаумитович    | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8       | 06.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6   | 06.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2        | 07.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
| 5 | Абитова Гүлмира Айнағұлқызы  | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8       | 11.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6   | 11.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2        | 12.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
| 6 | Дарибаев Урумбасар Аскарович | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8       | 12.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6   | 12.03.2024ж., сағат 14.00             | Оффлайн         |
|   |                              | Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2        | 13.03.2024ж., сағат 10.00             | Оффлайн         |

«Көлісемін» Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Бисекенов

Аудан өкімі А.Қазыбаев

# ЭЛЕКТРОНДЫ (АУДА) ДҮЖЕНДІ ЫҒЫСТЫРА АЛА МА?



Қазақстанда коронавирус пандемиясынан кейін электрон сауда жанданған болатын. 2021 жылдан (жалпы саудадағы электрон сауданың үлесі - 3,6%) 2022 жылға (12,5%) өсім бірден 8,9% болды. Бірақ былтырдың 11 айында бұл көрсеткіш бар болғаны 13 пайызға жетіп, 0,5% ғана артқан. Дегенмен үкімет 2030 жылға дейін электрон сауданың үлесін 20 пайызға жеткіземіз деп уәде беріп отыр. Одан қалды Қазақстан жыл сайын электрон сату арналары арқылы басқа елдермен сауда көлемін 100 млн долларға ұлғайтуды көздеп отыр. Ел билігі бұл бағытта не атқарды және электрон сауданың қазіргі тренді қандай? Қазақстандықтар қай салада көбірек онлайн сауда жасайды? 2030 жылға қарай онлайн сауданың үлесі 20% болмақ Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, былтыр елдегі электрон сауданың үлесі шамамен 2,2 трлн теңге болды (2023 жылдың он бір айында). Соңғы жылдары Қазақстандағы электрон коммерция нарығында пандемияның басталуы бетбұрыс кезеңіне айналып, өсу қарқыны жоғары болды. Әсіресе, тұрғындардың маңызды тауарларға

онлайн тапсырыс беру әдеті қалыптасты. Бұл электрон азық-түлік сегментінің белсенді өсуіне түрткі болып отыр, – деді Сауда және интеграция министрлігі Электрондық коммерцияны дамыту және цифрландыру департаменті директорының орынбасары Руслан Оразалиев. Ведомство электрон коммерцияның үлесін 2030 жылға қарай 20%-ға жеткізуді міндет етіп отыр. Ол үшін электрон сауданы дамытудың жоспары бар. E-commerce саласында тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету үшін түзетулер әзірленген. Сондай-ақ, маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларын көбейтуге ерекше назар аударылады. Халықаралық маркетплейстермен жұмыс Азаматтар үшін Amazon, Wildberries, Ozon сияқты ірі трансшекаралық платформалар қолжетімді. Былтыр Ozon алаңында 45,4 мың, Wildberries алаңында 55,7 мың қазақстандық тіркелген. Тұрғындар сайттардан тауар сатып алып, онлайн сауда алаңдары арқылы өнімдерін сатып жатыр. Кейбір электрон сауда алаңдарында қазақстандық өнімдер үшін арнайы бөлімдер құрылды. Тауарды іздеген

кезде қазақстандық тауардың алға шығуына басымдық берілген. Бұдан бөлек Қытайдың Alibaba және JD.com ірі маркетплейстерінде ұлттық павильондар ашылған. Бүгінде Alibaba платформасында 7500 отандық тауар, ал JD.com-да тауарлардың 30 түрі ұсынылған. 1 млн жазылушысы бар маркетплейстің арасында қазақстандық 30-ға жуық өнім бар, оларға сураныс басым, – деді сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Арман Шаққалиев. Ведомствоның мәліметінше, 2023 жылғы желтоқсанда JD.com арқылы қазақстандық өнімдердің сатылымы 140 мың доллардан асқан. Министрдің айтуынша, Қазақстан жыл сайын электрон сату арналары арқылы басқа елдермен сауда көлемін 100 млн долларға ұлғайтуды көздеп отыр. Осы мақсатта Сауда және интеграция министрлігі Орталық Азиядағы серіктестерімен әлемдік маркетплейстерде бірлескен павильонның ашылуын талқылауға ниетті. Ал, өңір қолөнершілерінің тауарларын «Nomads of Central Asia» брэндімен ұсынуға болады. Сонымен қатар, Арман Шаққалиев өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарлардың электрон саудасын жүзеге асыратын, жеке тұлғалардың электрон түрде жеткізетін көрсетумен айналысатын шетелдік компаниялар үшін Google салығы (импорт салығы) енгізілгенін еске салды. Нәтижесінде 2023 жылы Қазақстанда шартты тіркеуден 60 шетелдік компания өтті, ал олар екі жыл ішінде төлеген салық сомасы 34,8 млрд теңгені құрады (2022 ж. – 16,4 млрд теңге, 2023 ж. – 18,4 млрд теңге). Электрон коммерция мектебі Шағын және орта кәсіпкерлерге кешенді мемлекеттік қолдау көрсету үшін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп барлық өңірде электрон сауданы оқыту орталықтары ашылады. Бүгінде мұндай орталықтар еліміздің төрт облысында ғана жұмыс

стейді. Бұдан бөлек «Электрон коммерция мектебі» жобасы жүзеге асырылып, оның аясында екі мыңнан астам ШОБ субъектісі оқытылған. Сондай-ақ, электрон коммерцияны дамыту мақсатында Сауда және интеграция министрлігі ШОБ субъектілерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, онлайн сауда арқылы экспортты ілгерілету, сондай-ақ трансшекаралық электрондық коммерцияны дамыту үшін кешенді жұмыс жүргізіп жатыр, – деді ведомство өкілі Руслан Оразалиев. Қазақстандағы электрон коммерцияның логистикасы Электрон сауданы дамыту үшін қойма және логистикалық инфрақұрылымды жақсарту керек. Бұл – маңызды шарттардың бірі. Ал, мұндай коммерция негізінен түпкілікті сату арнасы болып саналады. Ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да белсенді дамып келеді. Иә, біз жалпы электрон коммерция экокүйесін дамыту үшін жұмыс істеп жатырмыз. Оның ішінде, бұған дейін онлайн ШОБ субъектілерін онлайн бизнес жүргізуге үйрету және электрон сату арналары (маркетплейстер) арқылы қазақстандық емес тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжыту да бар. Ал, логистика тұрғысынан пошта желісі – электрон коммерцияны ілгерілетудің тиімді құралы. Бүгінде ұлттық пошта операторының еліміздің барлық өңірінде филиалдар желісі бар. Мұндай мүмкіндіктер логистиканы жеңілдетеді және тұтынушыларға тауарларды жеткізу уақытын қысқартады, – деді Руслан Оразалиев. Сондай-ақ, маманның айтуынша, электрон сауда тауарларын жеткізу жылдамдығын қамтамасыз етудің жақсы құралы – бонд (кеден) қоймасы, тауарларға тапсырыс беруге арналған орталықтар мен қабылдау пункттерінің фулфилменті\*. Біріншісіне келетін болсақ, бонд қоймалары импорттық электрон сауда тауарларын

қазақстандық тұтынушыға жеткізу мерзімін айтарлықтай қысқартады. Яғни, қазақстандық тұтынушы тапсырыс берген тауарлар Қазақстандағы кеден қоймасына орналастырылады. Тиісінше, тауар тұтынушыға жақын жердегі қоймадан, яғни Қазақстанның аумағында орналасқан қоймадан жеткізіледі, – деді Руслан Оразалиев. Ал, логистикадағы соңғы механизм бәрімізге белгілі – тұтынушы тапсырыс берген тауар сатып алушыға қолайлы тапсырысты жеткізу нүктесіне жеткізіледі. Postamat осы санатқа жатады. Қазір оның желісі кең. Бүгінде біз ел бойынша кеден қоймалары мен фулфилмент/сұрыптау орталықтарының желісін дамыту үшін жұмыс істеп жатырмыз, – деді министрлік өкілі. Айта кетейік, Президенттің тапсырмасымен осы жылдың соңына дейін трансшекаралық электронды сауданы ынталандыру үшін Қытай тарапымен бірлесіп, Қазақстанда өңірлік қойма инфрақұрылымын құру мәселесін пысықтау жоспарланған. Бонд қоймаларын ашу Қытайдан Еуропаға және кері бағытта тауарларды одан әрі транзиттеу үшін ірі шетелдік маркетплейстердің тауарларын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ шетелдік тауарларды қазақстандық сатып алушыларға жеткізу уақытын 60 күннен 7 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ақтөбе және Ақтау қалаларында фулфилмент орталықтары мен бонд қоймалары желісін дамыту жалғастырылады, – деп жоспарын бөлісті Арман Шаққалиев. Қазақстандықтар қандай тауарды сатып алады немесе қай қызметті онлайн жасайды? Сауда министрлігінің мәліметінше, ел азаматтары интернет-платформалардан үй тауарлары, киім және аяқ киім, тамақ өнімдері, косметика мен дәрі-дәрмек сауда-алаған. 2022 жылы электрон

сауда қызметтер нарығының көлемі шамамен 1,2 млрд теңгені құрап, оның 50,3%-ы немесе 596,8 млрд теңгесі жолаушыларды тасымалдау қызметіне тиесілі болған. Электрон коммерция трендтері Руслан Оразалиев электрон коммерцияның дамуындағы әлемдік төрт тенденцияны атады. Әлем жаңа бәсекелестік, деректердің құпиялылығы, сауда стандарттары мен төлем қабілеті ережелерін, сондай-ақ деректерді оқшаулау туралы заңдарды қарастырып жатқанын атап өтті. Ал, электрон коммерцияның дамуындағы тенденцияларға тоқталатын болсақ, біріншісі – электрон коммерция транзакцияларының сәнді тауарлардан маңызды тауарларға ауысуы; Екіншісі, тауарлардың кең ассортиментін ұсынатын маркетплейстер арқылы сатып алу; Технологиялар және жасанды интеллектті пайдалану. Бұл сатып алу процесін жеңілдетеді және ұсынысты қалауға сәйкес әзірлейді. Сонымен қатар, менің ойымша, соңғысы – мобильді коммерцияны дамыту. Бұл бағытта компаниялар сату көлемін арттыру үшін мобильді қосымшаларды әзірлеп жатыр, – деді министрлік өкілі. Сондай-ақ, маман интернет-коммерцияның өсуімен онлайн төлемдер де өсетінін атады. Банк карталарын көп пайдаланбайтын немесе енгізілуі төмен аймақтар балама цифрлық төлем жүйелеріне көшеді. Иә, электрон коммерцияның маңызды тұсы – делдалсыз сауда жасауға болады. Яғни, сатушы мен тұтынушыға қолайлы. Ортадағы үшінші адам «жоқ жерден» пайда таппайды. Бұл екі жаққа да пайдалы. Ал, мемлекет елдегі сауда айналымын барынша қадағалай алады. Сондықтан үкімет мұндай сауданы дамытуға мүдделі және алдағы уақытта бұл сала қарқынды дамуын тежемейді деп күтеміз.

Рахила ТІЛЕУОВА

ЕСЕУ ЖЕҢІСУЛЫ

МЫНАУ ҒАЗИЗ ДҮНИЕ

— Апам жаңа ғана өзінің жүрегі қысылып, талып қала жаздағанын ұмытып кетіпті. Қолымнан жетелеп жүріп, денсаулығым туралы анықта-маны уақытында толтырып үлгерді.

— Балам, Артектен ауылға соңғы хатыңды орысша жаз, — деді апам мені Алматы әуежайынан шығарып салып тұрып. — Суға түспе. Теңіз түгілі, көл көрмеген баласың, баты кетіп, сорың сопақ астау болмасын. Сен аман-есен келгенше жанымды шүберекке түйгенім — түйген.

Орыс-қазағы аралас өзім сияқты отыз үш баламен бірге он екі жылдық өмірімдегі ең алыс сапарға осы аманатпен аттанып кетіп едім...

...Артек маған қатты ұнады. Алмазная деген дружинаға, оның оныншы тобына бөліндім. Үш Наташа, екі Люда, Арман, Паша, Саша, Виталик, Умберто, Валералардың ортасында өткен күндер естен кетер ме? Апамның «суға түспе» дегенін келген күні-ақ ұмыттым. Топтағы тәрбиеші, ұзынсирақ Костяның арқасына мініп алып, қайқандай жүзіп жүргенде, апам туралы мүлде ойламағанымды несіне жасырайын? Екі аптада өзім де жүзуді үйреніп қалдым. Өрине, Балтық бойында өскен Антонға жету қайда, сонда да өзіміздің Сарыкөлмектің ит-балығынша сүңгуге жарағаным рас еді. Ауылға төрт хат жаздым, төртеуінде де «Қара теңізге күнде шомыламыз» деген сөз бар. Апатайым-ай, осы сөздеріммен сіздің онсыз да әлсіз жүрегіңізді неше рет тілгіледім екен? Ауылдан хат келгенде, апамның тікірейте жазған, әрбір әрпі ерекше жазуын көргенде есім кете қуанатынымын.

Уәде бойынша, төртінші хатымды орысша жаздым. Сол хат осы күнге дейін өзімде бар еді, қай дәптерімнің арасында қалды екен?

Симферополь — Краснодар — Қостанай — Алматы бағытындағы ұшақпен келіп қона қалғанымызда, Алматы өртеніп тұр екен. Балалардың бәрі ата-анасымен қозыша табысып, мәз-мәйрем. Апамды көзіммен іздеп мен тұрмын. О-о, мынау Жайнағұл ғой! Жаман қыздың бойы өсіп қалған ба, қолындағы сіре маған арналған гүлін лақтыра салып, құшағымға келіп сүңгіп кетті. Апам да құшағын жая ұмтылып келеді екен, «Апа!» деп үлгердім. Мауқымды баса алар емеспін.

Алматыда көп аялдамай, ертеңіне-ақ ауылға тартып кеттік. Көзіме таныс өлкенің тау-тасына қарап отырып, неге екені белгісіз: «Мен бұл жерлерді қайта көреді екенмін, ө», — деп ойлағаным да есімде. Апам, өзі айтпақшы, менің күн иісі сіңген басымды жол бойы қайта-қайта иіскеп келді...

Осы тарғыл сиырдың әлегі-ай!.. Тура танкі! Өңдіз апаның қашасын быт-шыт қира-тып, шөпке кіргенімен қоймай, сүзгілеп, шашып тастағанын қарашы!.. Көктем шыққалы тіпті еркінсіді, желіндеп тұрса да, өзің іздеп таппасаң, өмірі үйге келген емес. Жақында бұзаулады. «Өлермен әдетін қоятын шығар» деп едік, қайда-а-а, міне, тағы жоқ. Бада-ның алдынан шығу да бекер, тарғыл көкке сіңгендей ғайып болып кетеді.

— Е-е, сенің данышпан сиырың ауылға екі кезең қалған-да қашып кеткен, — дейді

бадашы Өтеке аға. Апыр-ай, жаңа туған бұзау өлді ғой үйде. Бағана бададан ба-сым салбырап бос оралғанымда-ақ апамның қабақтары әдеттегіден гөрі қалыңдап, жүрісі ширай бастағанын байқағанмын. Апам тез-тез жүрді дегенше, бүкіл шалалықтан бой тартып, әскерше сымдай тартыла қалу қажет. Айтқанын екі еткізбеген ләзім. Әйтпесе... әй, қойшы, шапалағы әлі ащы.

— Мына бұзау ішегін тар-тып-тартып өлер болды. Көне, үшеуің де тұр да, тарғыл сиырды тауып кел!

Жаппарқұлда жан бар ма, күпәйкемізді іле салып, жоқ қарауға шығып кеттік.

— Бір жаққа үймелемей, әрқайсың әр жақтан қара! Үйден шыққанда үш жаққа беттеп кеткен біз бақшаның етек жағында қайта тоқайластық. Түн тастай қараңғы. Үй жақтан аш бұзаудың ішін тарта, өлімсірей мөңірегені құлаққа келеді.

— Қалың киініп шықтыңдар ма? — дейді Білісбек.

Ойын ұғудың еш қиындығы жоқ. Үш ағайынды мамыражай мамыр түнінде сиыр іздеп несіне әуре болайық, бақша түбіндегі көк майсаға құлай кеттік. Сөл жаурасақ, бір-бірімізге тығыла кетіп, жылынып аламыз.

— Сен ку бағана суға кеткенде сонша жоғалғаның не? «Су сыздықтап ағып тұр» деп, Құдай біледі, басқа жаққа барып келдің ғой деймін, а? — Ырысбектің бұл сұрағынан Білісбек жалтара алмай қалды. Өдетінше аузын тұмшалап, мырс етіп күліп алып:

— Мұхит екеуіміз арғы көшеге барып келдік, — деді. — Құлпынайға ма? — Тыз еткіздім әдейі. Құлпынай — төртібі де, бәдені де нашарлау, еркекшора қыз. Екі бетінің қызылы ешқашан тарқамайтындықтан, ауылдың бәрі осындай ат қойып алған.

Білісбек ең аяулы нәрсесіне кенет ың жағылғандай, қиналып қалды. Сөзге келген жоқ, арқамнан дүңк еткізді, былық етпедім. Күпәйкем қалың ғой. — Құлпынайыңмен өзің-ақ дос бол! Біздікі — басқа-а-а! — деді маңызданып.

— Білем оның кім екенін! — Ырысбек білмесе, жер осы қазір жарылып кетпес пе? — Географ қой!

Білісбек сұқ саусағын мұрнына тақай қойды. Мен байқама-сын дегендерісі. Географы кім болды екен, ө?

— Айтшы! — дедім тағатсызданып.

— Айтпа! Айтсаң, таяқ жейсің! — Білісбек Ырысбекке доқ көрсетіп жатыр.

— Анау бар ғой, анау ше...

— Кі-ім?

— Анау ше!.. Арғы көшеде бар ғой. Жақында ше, бізбен бірге аудандық олимпиадаға барып келген ше?!

Жымыңдап жатқан Білісбек іс аяғы бұлай өріс алатынын күтпесе керек, «е-е-ей» деп тоқтата бергенше-ақ:

— Арна ғой! — деп сарт еткіздім. Иә, дәл өзі. Сол! Жақында Бөгенге олимпиадаға бірге барғанбыз, ол географиядан қатысқан.

Білісбек Ырысбекті мытып-мытып алды. Мен болсам:

— Несі бар, жаман жеңге болмайды! — деп көсемсідім. Қанша уақыт жатқанымыз есімізде жоқ, бір кезде Ырысбек құлағын тоса қалып:

— Тарғылекең келе жатыр!

— деді шаттана дауыстап. Танып тұрмыз, тоқалдың өзі. Қасиетсіз неме ауылды басына көтере озандап келе жатыр. Бұзауы енді есіне түскен ғой, желіні әбден сыздағанда. Әй, ұят жоқ!.. Оны уақтылы таппаған бізде ұяттың бар-жоғын қайдам, алдынан күтіп алдық та, өзер тапқан адамның қалпында үйге кірдік. Сағат түнгі он екіден ауып кетіпті. Апам есікті ілмей жатыпты. Ашыққан бұзауды тойдырып алып, Ырысбек екеуіміз сиырдың екі жағына отыра қалып, сауып жібердік. Мінезі қанша шатақ болса да, тарғыл сиыр еркін саудырады, төрт мамысына төрт қол жабысып жатса да, бұзауын тілімен сылай еркелетіп, тұра береді.

Білісбектің ұйқысы өмірі қанбайды. Әскерге барса қайтер екен? Апамның сабаққа түсте кететіні үшеуімізге жақсы. Қарынды да тойдырамыз, ұйқыны да қандырамыз, ойынды да қатырамыз. Апам сабақтан келетін мезгіл жақындағанда ғана жанталасып, шаруаны өтіріктен-өтірік тындыра саламыз. Шала біткен тірлікте қандай береке болсын, шикілігіміз апта өтпей-ақ белгілі болып, тиісті сыбағамыздан құр қалған кезіміз жоқ.

Апам да қызық. Біз сабақтан сүйретіліп үйге қайтып келе жатқанда, Жайнағұл екеуі қарсы алдымыздан жолығады. Дерееу оңашалап алып, күнде істейтін шаруаны қайта тапсырады. Сыныптас қыздардан осынысы үшін әжептәуір ұяламыз, бірақ апам біле тұра, бізді ұялсын деп әдейі істейтін болса керек.

Бәрі де қат заман. Бірақ апам бізді ешқашан тамақтан тартыптырған емес. Қағаз қапты макароннан бірнешеу, бір қап күріш, бір қап шекер үзілмейді. Жақында тамаққа сындырып қосатын спагеттиден бір қап әкеліп қойды. Өттең, тосаптарын түпкі үйге тығып, есікті құлыптап кететіні жаман. Бірақ бізден айла артылсын ба, түпкі үйдегі терезенің көзін алып тастап, апамның төтті патшалығына бірнеше рет тұтқиылдан шабуылдағанбыз. Дегенмен бұл тәсілді жиі қолдана беруге болмайды, апам біліп қалмауға тиіс. Сондықтан да күнде түсте ет тұрамай, май мен пиязды аз ғана қосып, біресе спагетти, біресе макарон қуырамыз. Қарын тоқ, Далада мөңіреп — бұзау, маңырап қозы ол тұр. Есіктің алды сыпырылмай ол жатыр. Сонда кімге сенеміз десеңші!.. Білісбек күнде бір ойын ойлап табады. Мынасы тіпті қызық. Кітап шкафының қарсысындағы төсекке жатып алып:

— Осы жерден бір кітаптың атын өзгертіп, түрлендіріп жасырамын. Тапқан адам өзі жасырады, — деді. — Қалай сонда? — Қазір көресің. — Білісбек ыңылдап отырып-отырып, көзін сығырайтты ма-ау, бақырайтты ма-ау, бір кезде:

— Елтай Аузынановтың кітабын табыңдар! — деп салды. Ол кім болды екен? Үйдегі кітаптардың бәрін «беске» білемін ғой, бірақ дәл осындай автордың атын естісем, көрең бола қалайын. Байқаймын, Ырысбек те дағдарып тұр. Өрі іздедік, бері іздедік, таба алмадық. Білісбек жымың-жымың етеді. «Таба алмадыңдар ғой, өзім айта салайын», «өй, мыналар озатпыз дейді, ең қарапайым кітапты білмейді ғой» деп қайрайды келіп.

Жоқ, таба алмадық. Тура он бес минут іздеппіз.

— «Ел аузынан» деген кітап қой көз алдарыңда тұрған! Ө-өй, сен де... Ырысбек екеуіміз қызарақтап қалдық. Шынында да, қалай ойламағанбыз-ей!.. Ішіндегі шешендік сөздерді күнде жаттап, күнде «бес» алуға көмектесіп жүрген кітап емес пе?

— Келесі кітап... Ке-ле-сі кі-та-ааап... «Әли, оны ұқ» деген кітапты табыңдар енді.

— Ондай кітап болушы ма еді-ей!

— Бар, бар, дұрыстап қарандар.

Бүкіл шафты сүзе қарап шықтық, ұшты-күйлі жоқ. Мойындамасқа шарамыз қалмады.

— Леоновтың кітабы ғой, ақымақтар!

— Оны қалай «Әли, оны ұқ» деп жасырасың, тіпті ұйқаспайды ғой.

— Қалайша ұйқаспайды?! Қазақша оны Леонов деп нәшіне келтіріп оқып тұрмайсыңдар ғой, Лионып дей саласыңдар. Міне, осыдан шығарып алуға болады.

Білісбектің мейманасы тасыды-ақ. Ақыры кезек бермейтініне көзіміз жеткесін, қиылып сұрап алдық. Жасыру жакып біз де қатырады екенбіз, әп-сәтте «Ұят қой-ей» (Низами. «Пять поэм»), «Мұрны бар» (Моруа), «Бұзық неме» («Қызыл жебе») деген жаңа кітаптар ойлап таптық.

«Өңгіме бұзау өмізер» деген осы енді... Терезеден қарай қалған Ырысбектің көзі шарасынан шығып кете жаздады.


— Апам! Жасыл үйдің жанынан көрінді!

Жасыл үйдің тұсына келсе, апам үйге енді үш минуттан кейін келіп кіреді деген сөз! Енді қайттік? Ырысбек пен Білісбек сыртқа ата жөнелді. Өне, Білісбек тананы бұйда-сынан ағытып, қаша сыртына қуып шықты. Күректі ала салып, ашық қорадағы сиыр жапасын жандермен қырып жатыр. Ырысбек қозылардың ортасына бір бау шөпті апарып шаша салды. Мен ше? Мен қарап тұрайын ба, өзіміз былғаған ыдыстарды шала-шарпы жуған болып, дастарқан үстін тазартуға көштім. Бағана спагетти қуы-рғанда, қазанның түбін қырып, майдан нан батырып отырып соғып алғанымыз абырой болғаны-ай... Жылы су құйып, бір-екі шайғанымда-ақ айнадай жарқырай кетті.

Апам үйге таяп қалды. Қасында көрші мұғалімдер Рәш төте мен Әмина төте бар. Қызу әңгіме айтып келеді. Шаршағандары көрініп тұр, асықпай адымдайды. Біздің үйдің тұсына келгенде үш мұғалім үш жаққа бөлінуге тиіс. Дастарқан үстін сүртіп болып, жозыны тіктеп тұрғызып тұрып та, көзімді терезеден алмаймын. Масқара-ай, еденді сыпырып, сүртіп үлгермеймін ғой... Екі ағамның да жағдайы мәз емес. Ырысбек қолына сыпырғы алып, есіктің алдын құлаштай сыпырып кетіпті, Білісбек артық үй жақтан екі шелек су көтеріп келе жатыр. Үш мұғалім тұра қалып сөй-лесті. Тағы біраз тұра тұрса екен. Еденге суды шашып-шашып жіберіп, айғыздап сүртуге кірісіп кеттім. Шекем тершіп шыға келіпті. Апам төтелермен қоштасып, үйге беттеді. Қашаға енді жете бергенінде, Рәш төтенің есіне бірдеңе түсіп кетті білем, дауыстап тоқтатты.

(Жалғасы келесі санда)

ПРЕЗИДЕНТ САБАҚ КЕЗІНДЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Мемлекет басшысы Қа-сым-Жомарт Тоқаев сабақта ұялы телефонды пайдалануды шектейтін заңға қол қойды.

«Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды», - делінген хабарламада.

Еске салайық, бұған дейін Мәжіліс депутаттары Қазақстан мектептерінде ұялы телефон пайдалануды шек-

теуді ұсынатын заң жобасын қарастырған еді. 1 ақпанда заңды сенат депутаттары мақұлдады. Оқу-ағарту министрінің орынбасары Наталья Жұмаділдаева шектеу тек оқу процесі кезінде ғана қолданылатын түсіндірді. «Біз балаға ұялы телефонды пайдалануға тыйым салу туралы айтып отырған жоқпыз. Көптеген ата-ана қажет кезінде баласымен байланыса алмай қаламыз деп ойлайды. Шын мәнісінде шектеу тек сабақ барысында ғана қолданылады»,—деді ол.

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУТТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ЖӨНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛАРЫН 2024 ЖЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

Аудан көлеміндегі трактор өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол құрлыс машиналарымен трактор тіркемелерінің, астық жинайтын комбайндарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу екі кезеңде, «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі – порталы) арқылы жүргізіледі.

1-кезең. Тракторлар, мелиорациялық, жол құрылыс машиналарын жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

2-кезең. Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары мен комбайндардың түрлерін, трактор тіркемелерін жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

| № р/с | Ауылдық округтер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы | 1-кезең Өтетін күні | 2-кезең Өтетін күні |
|-------|-------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------|
| 1     | Ш.Берсиев атындағы а/о                                      | 14 - 16.04          | 08 - 09.06          |
| 2     | Көптоғай а/о                                                | 19 - 21.04          | 10 - 11.06          |
| 3     | Қараой а/о                                                  | 22 - 23.04          | 15 - 16.06          |
| 4     | Сарбие а/о                                                  | 27 - 29.04          | 17 - 18.06          |
| 5     | Ойыл а/о                                                    | 04 - 06.05          | 22 - 23.06          |
| 6     | Саралжын а/о                                                | 11 - 13.05          | 24 - 25.06          |
| 7     | Қайынды а/о                                                 | 14 - 15.05          | 29 - 30.06          |
| 8     | Аграрлық колледж                                            | 18.05               |                     |
| 9     | Ойыл орман шаруашылығы                                      | 19.05               |                     |
| 10    | Ойыл электр жүйесі бөлімшесі                                | 20.05               |                     |
| 11    | «Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны                 | 21.05               |                     |

Ескерту: Ауылшаруашылығы машиналарына, тракторларға, астық жинайтын комбайндар мен трактор тіркемелеріне мемлекеттік техникалық байқау тұрған елді мекендерде өткізіледі.

|                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                                                 |
| Екпетап мектеп-балабақшасының ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Хайруллина Тілектес Фазылбекқызына анасы                                     |
| <b>Абдрахманова Гүлнұр Нұрқасымқызының</b> мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты оның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. |

|                                                                                                                                          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы мәдениет саласының ардагері                                             |
| <b>Ұлықпанова Гүлнар Жолдасқалиқызының</b> дүниеден озуына қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғырып, көңіл айтады. |

|                                                                                                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің әлеуметтік педагогі Ұлықпанов Бекзатқа апасы |
| <b>Ұлықпанова Гүлнардың</b> қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.                                                       |

|                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Саға мектеп бала-бақшасының ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Тілектесова Аягөз Өсетқызына қайын атасы |
| <b>Өтегенов Дархан Қонысұлының</b> мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.               |

|                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Саға мектеп бала-бақшасының ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Тәтебаева Жеңіске, мектеп медбикесі Мадешова Маншүкке, кіші қызметкерлері Тәтебаев Келдігүл мен Тәтебаев Нұрболға |
| <b>Тәтебаев Ерлан Көдірғалиұлының</b> мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.                                                                               |

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕМНІҢ ТАРЛАНЫ

«Батаменен өл көгерер,  
жауынменен жер көгерер»  
(қазақ мақалы)



Қасиетті қазақ топырағы аталы сөзімен, көпшілікті өзіне қарата білген батагөй қариялардан кенде болған емес. Бүгінде бата беріп, бәтуалы сөз айта алатын адамның азайғаны болмаса, сөздің қасиеті бар деп ұққан қазақтан қара сөздің қадірі бір жола ұшып кеткен жоқ. Ел арасын іздесек, топасыз кенішке жолығатынымыз анық. Ұлағаты мол, аузының дуасы бар қариялар кезігеді. Солардың бірі - біздің бүгінгі мақаламызға арқау болған жан, Ақжар ауылының тұрғыны, еңбек ардагері 83 жастағы қария Рысқұл Дүйсенғалиев. Ауылымыздың, қала берді ауданымызға сыйлы адам. Рысқұл Дүйсенғалиев 1941 жылдың 1 маусым айында «Егіндібулақ» ауылында дүниеге келген. Әкесі майданға кеткеннен оралмады. Қарындасы мен анасын асырау үшін еңбекке ерте араласты. 12 жасында шөпшілерге екі аяқты арбамен айран тасумен бастаған ол, Кеңес кезінде өзі айтқандай: «K-700» сені мініп айдағанмын, Тілгілеп төсін жыртым май даланың» - демекші, небір ауыр техникаларды бағындырып, жатпай-тұрмай еңбек етті. Ауылдан шалғай орналасқан малды ауылға қыстың ішінде жем-шөп жеткіземін деп, талай ақтүтек боранмен арпалысқаны есінде. Ақсақалды сол ауыр еңбек, балалық шағындағы соғыстан кейінгі жоқшылықтың зардабы бүгінде екі балдаққа таңып отыр. Дегенмен, ақсақалды бойындағы өмірге деген құштарлық, күш-жігер еш мұқалта алмады. Қашан көрсек, балдағына қолдан тіккен дорбасын іліп алып, ауыл кітапханасына келе жатқанын көресің де, қайран қаласың, танданасың. «Не деген күш, не деген мықты адам?!» - демеске амалың жоқ. Өйткені, ол кітапхананың тұрақты оқырманы. Газет-журнал ақтарып, кітап оқығанды жаны сүйеді. Үстел үстінде тұрған мына кітаптар Д.Мамырбаева «Жетім құлын», Ә.Асқаров «Қиғаш хикаясы», С.Мұқанов «Өмір мектебі» соңғы оқығандары болса керек. Ұлағатты әңгіме де, тарихтан сыр шерткенде, алдына жан салмайды. Қашан да сабырлы, салмақты қалпынан танбайтын атамызды жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында өткізілетін мектеп пен ауыл кітапханасында өтетін барлық іс-шараларға үнемі шақырып тұрады. Әсіресе, атамызды жастардың отау құру тойларына жиі шақырады екен. Неге? Ия, халыққа де өзіндік себебі бар. Халқымызда «Батаменен ел көгерер, жауынменен жер көгерер», «Баталы ер – арымас», «Бота алғанша – бата ал» деп бекер айтпаған. Батаның адам санасына әсер ететін үлкен күші бар. Қанша адамды аузына қаратып, алақан жайып тұрған халыққа шынайы жүрегінен шыққан сөзін арнауы керек. Міне, осы ретте Рысқұл атаның бойындағы ерекше бір қасиет – оның бірін-бірі қайталамайтын батасында жатыр. Ол кісіден батаны қайдан тауып алатыны жөнінде сұрағанымызда: «Баталардың барлығына дерлік өзім шығарамын. Кез келген жағдайда сол ортаға

лайық бата беремін. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген. Бата адамға рухани күш береді, ісінді алға бастырады, бөле-жаладан сақтайды», – деді қария. Ия, бұл сөздің жаны бар, себебі Рысқұл атаның жанынан өлең шығаратын, суырыпсалмалығы да бар. Сөзіме дәлел болу үшін атамызбен болған сұхбат кезіндегі берген батасын үзінді келтіре кетейін. «Қонақ қылып біздерді Қадірлеген сіздерге Дәулет берсін құдайым. Қыдырып келіп үйіңе, Қыдыр қонсын лайым. Қыз көркейіп, ұл өсіп, Ағайын-жұрт бар болсын, Ар-ұят пен қанағат, Ғұмырыңа жар болсын. Бөлінбеген еншің бар, Бере алмасаң, боларсың. Бізге істеген жақсылық, Сауап болып оралсын. Кешегі өткен көп зұлмат, Қайта айналып келмесін. Ер соғылған ел едік, Аллам жебеп, жебесін. Үйің жаңға толғанда, Малға толсын жайлауың. Бата бердім, қарағым, Осы менің байлауым, Халқың болсын тірегің, Мықты болсын білегің, Қабыл болсын тілегің, 100 жыл соқсын жүрегің!» - деп, қолын төсегінің бас жағындағы қазақтың қара домбырасына қол созды. Құлақ күйін келтіріп, біраз шертіп алды да, «Шаңырағын құлатпадың әкемнің, Есігіне мөлейтпедің басқаның. Осының бәрі сенің арқаң анашым, Фамилиямыз есімінде көкемнің...» - деп анасына арнап шығарған өлеңін тыңдауымды өтінді. Ал, мына бір өлеңі немересіне арналған екен. «Әй, Мерханым, жарығым, Баламнан қалған дән едің, Түйіріндей тарының. Сендерді бағып, өсірді Мына отырған Динашым, Артында қалып жарының. Ендігі жерде қарағым, Бірің – басшы, бірің – қосшы боп, Бақытты өмір сүріңдер...» - өлең тізбегі жалғаса береді, жалғаса береді. Мен осы ретте Рысқұл атаның өлең қобдишасындағы әлі де газет бетіне жарияланбаған туындыларын кітап етіп басып шығару керек екендігін түсіндім. Бұл - болашақтың еншісі. Ал бүгінгі мақсатым - дастарқанда бата пен орнына тост айтатын бүгінгі қарттарымызды көргенде, қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бірі – бата, бата беруді, ұлттық үрдісімізді жаңғыртып жүрген Рысқұл атадай болса ғой деген ой. Пейілі кең, сөзі мағыналы асыл қарияларымыз аман болып, қатарлары көбейсе, нұр үстіне нұр болар еді. Рысқұл ата зайыбы Үйтолғанмен бірге отбасында үш ұл, жеті қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде қарияның отыздан астам немере-шөбересі көз қуанышына айналған. Берекелі шағырақта өсіп-өнген балалары бүгінде бір қауым ел. Атамыз – немере-шөберелерінің сүйікті атасы, отбасының алтын дінгегі, ауыл-аймақтың батагөй қариясы. Өнерімен де, өмірімен де елге үлгі бола білген атамызды неге «Шежірелі өлкеміз тарланы» демеске?!


Бибігүл АҚҚОШКАРОВА,

Ақжар ауылы, Саға мектеп-балабақшасының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

А ВИРУСТЫ ГЕПАТИТИ

АЛДЫН – АЛУДЫН АСА КҮЙІНДЫҒЫ ЖОК!

А ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ КЕҢ ТАРАҒАН ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БІРІ. БІРАҚ ТА, ТАРАЛУЫ ДА ӨР ЖЕРДЕ ӨРКЕЛКІ. СЫРҚАТ КӨБІНЕСЕ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ТАРАЙДЫ. ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДА 15-29 ЖАСТАҒЫЛАР АУЫРАДЫ. БАЙЛАНЫС ЖӨНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕДІ.



Бұл ауру маусымдық сипатқа ие, вирустық гепатиттің өршуі күзгі-қысқы кезеңде байқалады. Вирус ағзаға келесі жолдармен енуі мүмкін: сумен инфекция жұқтырған адам ауыз суды тұтыну және жұқтырған суға шомылу кезінде жұғуы мүмкін. Ауру адамдармен тығыз байланыста болған кезде, ортақ тұтынатын тұрмыстық заттар арқылы да жұғуы ықтимал. Ауырған адамдардан вирус сыртқы ортаға нәжіспен бөлінеді. Инкубациялық кезеңнің аяғынан бастап сырқаттың басталуына 7-10 күн қалғанда, вирус сарғаю кезеңінің алғашқы күндерін-

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

де 1 аптаға дейін нәжіспен сыртқа бөлінеді. Берілу механизмі 95% жағдайда фекалді-орльді жол арқылы беріледі. Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде сарғаю пайда болмай тұрған кезде дәрігерге жүгіну керек. Алдын алу шараларының ішіндегі ең тиімді тәсілі - вакцинация. А гепатитіне қарсы екі жастағы балалар және науқаспен ошақта байланыста болған он төрт жасқа дейінгі адамдар егіледі. Егу курсы 6 ай салып екі рет егіледі. Сонымен қатар, А вирусты гепатитінің алдын-алуда жеке бас тазалығына аса мән берген жөн. Дәретханадан соң тамақтанар алдында қолыңызды сабын сумен мұқият жуу, қайнатылған су ішу, кездейсоқ су көздерінен және қраннан су ішпеу сияқты қарапайым қағидалар. Сондай-ақ, қолданар алдында көкөністерді, жеміс-жидектерді мұқият жуу, кездейсоқ адамдардан немесе рұқсат етілмеген сауда орындарынан тамақтар сатып алмау, салауатты өмір салтын ұстану да ауруды қорғанудың алғышарты.

ТҰМАУ - ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

ТҰМАУ – ТЕЗ ТАРАЛАТЫН ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ, ОНЫҢ ӨРШУ КЕЗЕҢІ ҚЫСТА ЖӨНЕ ЕРТЕ КӨКТЕМДЕ ЖИІ БАЙҚАЛАДЫ.



Тұмау вирусы өзінің антигендік құрылымының өзгергіштігінің айқын қабілетіне ие Сондықтан «Тұмау» диагнозы әр адамның өмірінде бірнеше рет қайталанып қойылады. Тұмау

көптеген жұпалы аурулардан ерекшелігі науқас адамнан сау адамға ауа тамшыларымен оңай таралады, бұл инфекцияны жұқтырғаннан кейін аурудың белгілері бір күн өткен соң пайда болады. Жас балалар мен жүкті әйелдер және қарт адамдар немесе созылмалы ауруы бар адамдар үшін өте қауіпті. Өйткені, бұл адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді және асқынуларға әкеп соқтырады. Ауырғандардың 10-15% асқынуға шалдығып ең жиі кездесетін асқынулар өкпенің қабынуы, отит, гайморит, менингит. Тұмау мен ЖРВИ-дің алдын-алудың ең тиімді шарасы - вакцинация. Вакциналарды оң әсері – олар иммунитетті қалыптастырады және сол арқылы ауыр аурудың қауіпін болдырмайды. Бұл өлім

мен ауыр асқынулардың санын азайтады. Адам тұмауды жұқтырса да, оңай көтереді. Заманауи вакциналардың тиімді ғана емес, әрі қауіпсіз және алты айдағы балалардан бастап, сонымен қатар ересектерде де тұмаудың алдын-алуға арналған. Шамамен 80% тұмаудан қорғау үшін өте қауіпті. Өйткені, бұл адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді және асқынуларға әкеп соқтырады. Ауырғандардың 10-15% асқынуға шалдығып ең жиі кездесетін асқынулар өкпенің қабынуы, отит, гайморит, менингит. Тұмау мен ЖРВИ-дің алдын-алудың ең тиімді шарасы - вакцинация. Вакциналарды оң әсері – олар иммунитетті қалыптастырады және сол арқылы ауыр аурудың қауіпін болдырмайды. Бұл өлім

Ойыл аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ: ҚАУІП КӨКТЕМДЕ КҮШЕЙЕДІ!



оларды қадағалауды балаларға тапсыруға; - жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға; - қатты отын жанығын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға; - пештерді шамадан тыс қыздыруға; - жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта кептіруге; - ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға; - ақаулары, сызаттары мен

саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді. Сонымен қатар біздің ауданымызда әртүрлі конструкциялы газ аспаптарымен жылытатын тұрғын үйлер мен ғимараттар бар, осыған байланысты өрттердің алдын алу мақсатында газ аспаптары мен баллондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске саламыз: - тұрмыстық газ аспаптарын газбен жабықтауға арналған газ баллондары (оның ішінде ас үй плиталары, су жылытқыш қазандықтары, газ колонкалары) ғимараттардан тыс жапсарлас құрылыстарда немесе жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда қабырғаның тұйық тұсын-

да кіреберістен кемінде 5 м қашықтықта ғимарат, цокольдық және жертеле қабаттары орналасады; - балаларға және осы аспаптармен жұмыс істеген ережелерін білмейтін адамдарға газ аспаптарына жол бермеңіз; - газ баллондарын гараждарда, пәтерлерде, балкондарда сақтамаңыз; - газ баллондарын тек мамандандырылған пункттерде ғана толтырыңыз; - пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз; - пәтерлерде газ плиталарын өзіңіз қоспаңыз және ажыратпаңыз; - газ құрылғыларын қосу кезектілігін сақтаңыз; - газ ағып кеткен кезде сіріңкені тұтатпаңыз, темекі шекпеңіз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз; - иіс пайда болған кезде дереу газ қызметі мен өрт сөндіру қызетінің қызметкерлерін шақырыңыз. Біз жоғарыда өт жағу маусымы кезіндегі және газ аспаптарын пайдалану кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескертіміз келеді.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

**Құттықтау**

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ  
АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ  
АЛТАЙ ЖАЛМҰҚАНДЫ  
1 НАУРЫЗ КҮНІ ТОЛАТЫН  
МЕРЕЙЛІ 63 ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,  
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.  
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі  
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Шәкірттердің сезінумен арманын,  
Ойлайтұғын білім-ғылым салмағын.  
Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз  
Әкеміздің 63-ке толғанын.

Әрбір белес, әрбір асу, ол – бір із,  
Әрқашанда жақсылыққа сендіңіз.  
Өмір-жолда сан шәкірттерге үлгі боп,  
Аға болып, Ақсақал боп, 63-ке келдіңіз.

Талай күндер төккен тер мен өткен күн,  
Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн.  
Талай жылдар тағылымы толысып,  
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Зейнеткерлік жасқа кеп шаттанасың,  
Немеренің қызығымен бақ табасың.  
Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз,  
Көш керуенің ешқашан тоқтамасың!

Игі тілекпен, жұбайы Күләш, бала-келіндері  
Қайсар-Әйгерім, Қайнар-Әйгерім, Қайрат,  
Ерқанат. Нөмерелері Бақдәулет, Сәбина,  
Зарина, Нұрәли, Ердеулет, Аруна, Ақзәрім,  
Мәдина, Алдияр.